

Қасым-Жомарт Тоқаевқа өңірдің қантар-сәуір айларындағы негізгі макроэкономикалық көрсеткіштері және алдағы әлеуметтік-экономикалық даму жоспары баяндалды.



## МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНЫҢ ӘКІМІН ҚАБЫЛДАДЫ

Облыс әкімі Мұрат Ерғешбаевтың айтуынша, өңірде қолайлы инвестициялық климат қалыптасып, экономиканы әртарапандыруда алдағы үш жылға 1 триллион 900 миллиард теңгенің 48 инвестициялық жобасын іске асыру жоспарланып отыр. Биыл 1 триллион теңгеге 14 ірі жобаның құрылысы басталады. Президенттің Ұлттық құрылтай отырысында берген тапсырмасына сәйкес, Қызылорда қаласында 300 орындық көпбейінді аурухана, 500 орындық емхана, 200 орындық перинаталдық орталық, жаңа драма театры мен заманауи кітапхананың құрылыстары жүргізіліп жатыр. Қызылорда – Ақтөбе автожолын кеңейту жобасының бірінші кезеңі басталды. Бейнеу – Сексеуіл тас жолының құрылысы жақында қолға алынбақ.

Жыл соңына дейін 10 елді мекен газдандырылып, халықтың 85 пайызы көгілдір отынды тұтына бастайды. Үй кезегіндегі азаматтарды баспанамен қамту мақсатында биыл 2400 пәтер беру жоспарланған. Облыстағы 138 шақырым автомобиль жолдары, көшелер мен көпір өткелдерін жөндеуден өткізу, жолдардың 95,5 пайызын жақсарту көзделген.

Мемлекет басшысы облыс әкіміне экономиканы әртарапандыру, инвестиция тарту, экологиялық ахуалды ілгерілету және ауыл шаруашылығына су үнемдеу технологияларын енгізу жұмыстарын жалғастыру бойынша бірқатар тапсырма берді.

Akorda.kz

Облыс әкімі Мұрат Ерғешбаев өңірдегі автогаз бағасына қатысты жағдайды шұғыл бақылауға алды. «Қызылорда Газ» серіктестігінен басталған баға өсімі өзге операторлардың да тарифті заңсыз қымбаттатуына ұласқан еді. Бұл жергілікті тұрғындардың наразылығын тудырмай қоймады.



Жанармай бекеттеріндегі баға құбылып, елдің алаңдаушылығын тудырды. Облыста 100 ден аса автогаз құю станциясы мен 6 газ сақтау қоймасы жұмыс істейді. «Қызылорда Газ» алғашқы болып бағаны көтеріп, артында басқа операторлардың газ бағасына әсер еткен. Осыған байланысты облыс әкімі Мұрат Ерғешбаевтың төрағалығымен сұйытылған газ мәселесі талқыланған жиын өтті.

2-БЕТТЕ

## МЕКТЕП БІТІРУ КЕШІ: ҚУАНЫШ ҚЫМБАТҚА ТҮСПЕСІН

Соңғы қоңырау таяды. Әдеттегідей бұл уақытта мектеп бітіру кеші мен ұстаздарға берілетін сыйлық көп айтылатын тақырыптардың бірі. Жылда қатал талап қойылғанымен, жасырын болса да мейрамханаларда тойланып, ұстаздарға қымбат сыйлық сыйланады. Тіпті түлектер көртеждер ұйымдастырып көзге де түседі. Алайда, биыл қателікке жол жоқ. Себебі, министрлік бақылауды күшейтті. Бітіру кештерін мектептен тыс жерде өткізуге тыйым салынды.



Оқу-ағарту министрлігінің мәліметінше, аттестаттарды табыстау рәсімі тек білім беру ұйымдарының ғимараттарында ұйымдастырылуы тиіс. Сондай-ақ білім алушылардан, олардың ата-аналарынан немесе заңды өкілдерінен қаражат және өзге де материалдық құндылықтарды жинауға қатаң тыйым салынған.

«Белгіленген талаптарға сәйкес, бітіру кештерін білім беру ұйымдарынан тыс жерлерде ұйымдастыруға рұқсат етілмейді. Жергілікті атқарушы органдарға қаржылық шығындарды талап етпейтін тәрбиелік және мәдени-ағартушылық іс-шараларды ұйымдастыру және түсіндіру жұмыстарын жүргізу тапсырылды», – делінген министрлік таратқан хабарламада.

Ал Ішкі істер органдары тарапынан құқық бұзушылықтардың алдын алу, қоғамдық тәртіпті сақтау және білім алушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша шаралар тапсырылды.

3-БЕТТЕ



# Ақмешіт

23 мамыр сенбі

№38 (2250)

2026 жыл

Газет  
1994 жылдың 15 сәуірінен  
бастап шығады

• Қалалық қоғамдық-саяси әлеуметтік-  
ақпараттық тарихи-танымдық газет •  
E-mail: akmeshit.kz@mail.ru

## апталығы

### ҚАЛА ТЫНЫСЫ

## ҚҰРЫЛЫС САПАСЫ ҚАТАҢ БАҚЫЛАУДА




Құрылыс алаңындағы қарбалас пен техниканың үні алдағы үлкен өзгерістің лебін сездіргендей. Бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері қаланың даму қарқынын бақылау мақсатында маңызды құрылыс нысандарын аралады. Аралау барысы шаһардың мақтанышына айналғалы тұрған «Қызылорда Арена» нысанынан басталды.

Олимпиадалық стандартқа сай салынып жатқан «Қызылорда Арена» құрылысы қарқынды жүргізілуде. 400-ге жуық құрылысшы спорт кешенін уақытылы тапсыру үшін күндіз-түні еңбек студе. Жаңа спорт кешені заманауи талаптарға сай жоғары деңгейде жобаланған. Жалпы ауданы 20 мың шаршы метрден асатын ғимарат тоғыз блоктан тұрады. Жобаның басты ерекшелігі – халықаралық жарыстар өткізуге мүмкіндік беретін 50 метрлік олимпиадалық бассейні. Бұл Сыр өңірінде су спорты түрлерінің дамуына жаңа серпін бермек.

– Кешен бір мезетте 2500 көрерменді қабылдай алады. Мұнда облыстық қана емес, әлемдік деңгейдегі турнирлер мен чемпионаттар өткізуге мүмкіндік бар. Кешенде футбол, баскетбол және волейболға арналған әмбебап алаңдармен қатар, өзге де спорт түрлеріне арналған залдар қарастырылған. Сондай-ақ спортшылардың демалуына, медициналық көмек алуына және 150 орындық конференция залында басқосулар өткізуге жағдай жасалған. Қасбеті алюминий панельдермен, ал витраждары өртегі тәрізді әйнектермен қапталған, – дейді жоба жетекшісі Қайрат Есенгелдіұлы.

Жоба құны 20,5 млрд теңгені құрайтын «Қызылорда Аренада» бүгінде құрылыс жұмыстарының жартысынан астамы аяқталған. Зәулім ғимарат жыл соңына дейін пайдалануға беріледі деп күтілуде. «Aspan Holding» мердігерлік ететін бұл нысан облыс орталығының сәулетін айшықтап қана қоймай, болашақ чемпиондардың шеберханасына айналмақ.

2-БЕТТЕ



### АУЫЛ – ЕЛ БЕСІГІ



Қала іргесіндегі Тасбөгеттің қаламеншіктар қарқынды дамып, бүгінде алың құрылыс алаңына айналды. Орталықта бой түзген көпқабатты тұрғын үйлер кент шырайын аша түскендей. Заманауи сәулетпен жанарып жатқан кент 30 мыңға жуық тұрғынның құтты мекеніне айналған. Кент қақпасының кіреберісіндегі Есенов көшесі жақын күндері төрт жолға кеңейіп, кент тынысын ашқалы тұр.

– Құрылыс өте қарқынды жүруде. Кенттің кіреберісінің сәулеті айшықталып, бағдарламашы орнатылады. Есенов көшесі төртжолға даңғылға айналады. Қоғамдық көлік қатынайттын Абай Құнанбаев, Мұстафа Шоқай, Сапарбай Олжабайұлы, Қалқабай Әбенов көшелерін орташа жөндеуге облыстық бюджеттен 328 млн теңге қаржы бөлінді. Кәсіпті дамыту бағытындағы мемлекеттік бағдарламаға тасбөгеттіктер белсенді қатысып, кейбірі кәсіп ашса, енді бірі кәсібін кеңейтуде. Атап айтқанда, 2021-2025 жылдарға арналған кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі ұлттық жоба аясында екінші деңгейлі банк арқылы бизнесті қолдау мен дамыту субсидиялау бағытының бұрынғы бағдарламасы арқылы құны 10 млн теңге 1 жоба, «Ауыл аманаты» мемлекеттік бағдарламасы аясында 11 жоба қолдау тапты. Осылайша, кенттегі кәсіпкерлер құны 133,2 млн теңге қаражат алып отыр. Сондай-ақ кент кәсіпкерлері үшін «Қызылорда» Өңірлік инвестициялық орталығы» микроқаржы ұйымы арқылы «Іскер» бағдарламасымен құны 20 млн теңгелік 2 жоба ұсынылып, нәтижесі күтілуде, – дейді кент әкімі Айдын Тыныштықбай.

4-БЕТТЕ



## НАҚТЫ МІНДЕТТЕР ЖҮКТЕЛДІ

Қала әкімдігінде шаһар басшысы Нұржан Ахатовтың төрағалығымен мәжіліс өтіп, онда өңірлік деңгейде жүктелген маңызды міндеттердің орындалу барысы қаралды. Жиында әлеуметтік-экономикалық даму көрсеткіштері, бюджеттің атқарылуы, оқу жылының аяқталуы мен балалардың жазғы демалысын ұйымдастыру мәселелері талқыланды.

Айта кетейік, бұған дейін ҚР Премьер-министрі Олжас Бектенов төрағалық еткен Үкімет отырысында авиация саласын дамыту, цифрландыру бағыттары және өңірлердегі құрылыс сапасы мәселелері көтерілген болатын. Үкімет отырысынан кейін облыс әкімі Мұрат Ерғешбаев мәжіліс өткізіп, бірінші тоқсандағы әлеуметтік-экономикалық даму қорытындылары мен бюджеттің игерілуін саралады. Осы міндеттер негізінде қала әкімдігінде тиісті тапсырмалар нақтыланды. Жиында қаладағы негізгі экономикалық көрсеткіштердің оң динамика көрсетіп отырғаны айтылды. Сондай-ақ бюджеттік қаржының игерілу деңгейі тұрақты сақталып, 1 мамырдағы жағдай бойынша бюджеттік бағдарлама әкімшілерінің шығындары 100 пайыз орындалған.

2-БЕТТЕ

### Баспасөз-2026

## АҒАЙЫН, «АҚМЕШІТ АПТАЛЫҒЫНА» ЖАЗЫЛДЫҒЫЗ БА?

Баспасөзге 2026 жылдың екінші жартыжылдығына жазылу жүруде. Қапы қалмаңыз, сүйікті газетіңізге жазылуды ұмытпаңыз. Жекелер үшін 6 айға – 4000 теңге, мекемелер үшін – 5000 теңге. Баспасөзге қатысты сауалдарыңыз болса, мына нөмірлерге хабарласыңыздар: 40-05-81, 70-14-08.

## ҚҰРБАН АЙТ ҰЛТТЫҚ НАҚЫШТА ТОЙЛАНАДЫ



Биыл Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы мұсылман қауымының ұлық мерекесі – Құрбан айт мейрамын жоғары деңгейде, ұлттық нақышта атап өтеді. Бұл туралы «Ақмешіт Сырдария» орталық мешітінде өткен баспасөз мәслихатында облыстың бас имамы Дастан Құрманбаев айтты.

Оның сөзінше, айт күндері түрлі рухани-мәдени іс-шаралар ұйымдастырылады. Облыстық, қалалық және аудандық мешіттердің ауласында киіз үйлер тігіліп, ұлттық спорт түрлерінен жарыстар өтеді. Облыстың бас имамы тұрғындарды ұлттық киім киіп, айт мерекесін қазақы дәстүр мен ұлттық нақышта өткізуге және ұйымдастыратын игі шараларға белсенді қатысуға шақырды.

2-БЕТТЕ



## НАҚТЫ МІНДЕТТЕР ЖҮКТЕЛДІ

Шаһар басшысы тиісті сала басшыларына жоспарланған жобалардың уақытылы жүзеге асырылуы мен бөлінген қаражаттың толық игерілуін тұрақты бақылауда ұстауды тапсырды.

– Дербес бөлім басшылары, кент және ауылдық округ әкімдері жоспарланған жобалардың жүзеге асырылуын, бөлінген қаражаттың мерзімінде игерілуін тұрақты бақылауда ұстауы қажет. Сонымен қатар қаланың экономикалық өсімі барлық көрсеткіштер бойынша қамтамасыз етілуі тиіс, – деді Нұржан Сәбитұлы.

Күн тәртібінде қаралған маңызды мәселелердің бірі – 2025-2026 оқу жылының аяқталуы мен балалардың жазғы демалысын ұйымдастыру. Сонымен қатар суға шомылу кезеңіндегі қауіпсіздік шаралары да кеңінен пысықталды.

Быыл қала бойынша 4 436 оқушы мектеп бітіреді. Осыған байланысты ұлттық бірінші тәстілеу кезеңінде қауіпсіздікті қамтамасыз ету, төтенше жағдайлардың алдын алу және мектеп бітіру іс-шараларын талапқа сай өткізу мәселесіне ерекше мән берілді.

Шаһар басшысы соңғы қоңырау мен аттестат табыстау рәсімдерінде артық шығынға жол бермеуді, мектеп ұжымдарына сыйлықа қаржы жинау фактілеріне тосқауыл қоюды, жалға алынған көліктермен кортеждер мен экскурсиялар ұйымдастыруға жол бермеуді қатаң тапсырды. Сондай-ақ жазғы шомылу маусымында тұрғындардың қауіпсіздігіне ерекше назар аударылды.

– Адам өмірінен артық ештеңе жоқ. Бірақ өмірін тәуекелге тігетіндер бар. Әр шомылу маусымы басталар алдында түсіндіру жұмыстары жүргізіледі. Сонда да ескермей, соны ауыр жағдайларға жетеді. Қайткенде де жағажайлар мен суға түсуге тыйым салынған айдындарда қауіпсіздік шаралары қатаң бақылауға алынуы керек, – деді шаһар басшысы.

Жилін қорытындысында жауапты сала басшыларына нақты міндеттер жүктеліп, тапсырмалардың орындалуы тұрақты бақылауда болатыны айтылды.

Басы 1-бетте

«Ақмешіт-ақпарат»



## ҚҰРЫЛЫС САПАСЫ ҚАТАҢ БАҚЫЛАУДА

Әлеуметтік нысандарды аралау халық сұранысынан туған жоба – №5 қалалық емхана құрылыс алаңында жалғасты. Құрылыс жұмыстары жыл басында басталған емхана 400 келушіге арналған. Қазіргі таңда бетондау және қабырғалау жұмыстары қарқынды жүргізілуде. Мұнда 75 жұмысшы мен 9 техника қызмет етуде. Қасбеті заманауи материалдармен қапталып, жұмыс басталар алдында құрылысшыларға күн сайын арнайы қауіпсіздік нұсқаулығы өткізіледі.

Басы 1-бетте

Қауіпсіздікке ерекше мән беретін жоба басшысы Шухрат Мұхтаров жұмысшыларға жатын орын мен асхана қарастырылғанын айтты. Сонымен қатар құрылыс материалдарының басым бөлігі отандық өнім екенін жеткізді. Бұл – жергілікті өндірісті қолдаудың бір көрінісі.

– Титов мөлтек ауданы мен оған іргелес аумақтарда тұратын 40 мыңнан астам халық үшін бұл нысан аса маңызды. Жалпы құны 9 млрд 823 млн теңгені құрайтын емхананың аумағы 9 мың шаршы метр болады. Заманауи талаптарға сай салынатын ғимарат жоғары сапалы технологиялармен жабдықталып,

тұрғындарға қолайлы жағдай жасалады. Жоба аяқталған соң құрылыс сапасына 10 жыл кепілдік беріледі, – дейді жоба басшысы Шухрат Мұхтаров.

Емхана халыққа амбулаториялық-емханалық, диагностикалық және күндізгі стационарлық медициналық қызмет көрсететін көпсалалы орталық болмақ. Мұнда жалпы тәжірибелі дәрігерлер бөлімінен бөлек, акушерлік-гинекологиялық тіркеу, педиатрия, профилактика, мамандандырылған және шұғыл көмек бөлімдері жұмыс істейді. Жаңа нысан іске қосылғаннан кейін тұрғындардың қала орталығына қатынап, уақыт жоғалту мәселесі азайып, алғашқы медициналық көмектің сапасы артады деп жоспарлануда.

Журналистердің келесі бағыты – сол жағалауда салынып жатқан 300 төсектік көпбейінді аурухана құрылысы. Нысанда бір ауысымда 100 келушіні қабылдайтын емхана және 100 төсекке арналған онкологиялық бөлімше қарастырылған. Құрылысы қарқынды жүріп жатқан кешен 10 блоктан тұрады. Онда емхана, қабылдау, операциялық, реанимация, химиотерапия, радиология бөлімдері, әкімшілік, тамақтандыру және конференция залдары орналасады. Құны 54,3 млрд теңгені құрайтын жобаны «Мелиоратор» серіктестігі жүзеге асыруда.

Думан РАХЫМЖАНҰЛЫ



## МӘДЕНИЕТ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ МАРАПАТТАЛДЫ

Мәдениет – ұлттың жаны, рухани болмысы мен тарихи жадының көрінісі. Әр халықтың өткені мен бүгінгі, салт-дәстүрі мен рухани құндылықтары мәдениет арқылы ұрпақтан-ұрпаққа жалғасын келеді.

Өнер мен мәдениет саласының қызметкерлері – осы асыл мұраны сақтап, ел игілігіне қызмет етіп жүрген руханият жанашырлары. Мәдениет және өнер қызметкерлерінің кәсіби мерекесіне орай, А.Токмағанбетов атындағы мәдениет үйінде «Мәдениет – ұлттың айнасы» атты салтанатты шара өтті.

Салтанатты шараға қала әкімінің орынбасары Арнұр Нұрмағанбетов, облыстық полиция департаменті бастығының орынбасары, полиция полковнигі Оралбек Омаров және «AMANAT» партиясы қалалық филиалының атқарушы хатшысы, облыстық мөслихат депутаты Гүлшат Мұсаева қатысты.

Мерекелік концерт барысында мәдениет саласының дамуына елеулі үлес қосқан



бірқатар қызметкерлер облыс және қала әкімдерінің Алғыс хаттарымен, Құрмет грамоталарымен және салалық кәсіподақтың төсбелгілерімен марапатталды. Сондай-ақ қалалық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің басшысы Айдын Қайруллаев

әріптестеріне шығармашылық табыс пен талағай жетістіктер тіледі.

Мерекелік концерт көрермен көңілінен шыққан нағыз өнер мерекесіне ұласты. «Ақмарал» би студиясының бүлдіршіндері сахнаға ерекше сән берсе, «Сыр



сандуғаштары» вокалды тобының орындауындағы «Сәлем саған, туған ел!» әні патриоттық рухты асқақтатты. Сонымен қатар Сыр сұлейлерінің ізбасарлары Қуаныш Алғазиев, Мейірімжан Маханбетжанов және Нұрасыл Сұлтанбек орындаған терме-жырлар ұлттық өнердің құндылығын айшықтады. Абай ауылдық мәдениет үйі өнерпаздарының сахналық қойылымдары мен «Сырлы саз» этно-фольклорлық ансамблінің өнері кештің көркі қыздырды.

Кеш соңында барлық өнерпаздар мен көрермендер «Сені сүйем, Қазақстан!» әнін бірге орындап, рухани кешті жоғары патриоттық сезіммен қорытындылады. Бұл – өнердің адамдарды бір арнаға тоғыстырып, елдік рухты күшейтетін күдіретін тағы бір мәрте дәлелдеді.

Мәдениет – ұлттың рухын асқақтататын басты құндылық. Өнерге қолдау көрсетіп, руханиятқа жанашыр болу – келешекке салынған инвестиция. Театр мен музыка, кітап пен күй, жыр мен терме ұлықталған жерде ұлттық болмыс та жоғалмайды.

«Ақмешіт-ақпарат»

Облыс әкімінің орынбасары, басқарма басшылары және салаға жауаптылар қатысқан мәжілісте аймақ басшысы сұйытылған газдың шекті бағасын өсірмей, аймақтағы ауылды қатаң бақылауда ұстауды тапсырды.

– Газ – Үкіметтің ерекше назарында тұрған өте күрделі және өзекті саланың бірі. Сондықтан сұйытылған газды тұрғындарға тиімді бағамен ұсыну – біздің басты міндетіміз. Облыс аумағындағы 144 автогаз құю станциясы, 6 газ сақтау

қызметкерінің сөзінше, газ жеткізу іркіліссіз жүріп жатыр. Біз бекетке аяқ басқан сәтте, қоймаға жаңадан газ тиеген көлік келіп тоқтады. Содан көлік жүргізушісі Алматыда да сөзге тарттық. Күн сайын жолда жүріп, ахуалды іштен бақылап жүрген ол да бірнеше күн бұрын өңірде газ бағасының кенет көтерілгенін растады. Оның айтуынша, бағаның құбылуы алдымен көлік жүргізушілеріне, содан соң халықтың қалтасына бірден сезілген. Алайда, қазіргі таңда жағдай бақылауға алынып,

– Жауапты сала басшыларына газ бағасын бұрынғы деңгейге шұғыл қайтаруды, халыққа шектеусіз сатуды, басқа өңірлерге рұқсатсыз тасымалдауға жол бермеуді қатаң тапсырамын! Басқа көздерден болса да коммерциялық газды облысқа жедел жеткізіп, әлеуметтік бағамен сатыңыздар. Барлық тапсырма сапалы әрі уақытылы орындалуы тиіс!, – деді облыс әкімі Мұрат Нәлқожаұлы.

Елімізде сұйытылған газдың көтерме шекті бағасы 2026 жылдың ортасына дейін тоннасына 59722 теңге болып бекітілді. Алайда бұл – тек уақытша тыныштық қана. Энергетика министрлігі ішкі нарықты отынмен тұрақты қамтамасыз ету мақсатында бұл баға тек келесі айдың соңына дейін тұрақтынын айтады. Себебі ішкі нарықты отынмен үздіксіз қамтамасыз ету мақсатында бекітілген баға сақсаты келесі айдың соңында күшін жоюы мүмкін.

Үкіметтегі брифингте Ұлттық экономика министрі Серік Жұманғарин алдағы уақыттағы өзгерістің шетін шығарды. Энергетикалық кеңес деңгейінде қабылданғанын шешім бойынша 1 шілдеден бастап газдың көтерме бағасын 33% арттыру көзделген.

– Біз қазір Астанаға толық тариф енгіздік. Яғни жылу тарифін орта есеппен шамамен 15%, ал сумен жабдықтау мен су бұру тарифтерін 20-29% көтердік. Осындай шарттарды Ұлытау мен Ақмола облысына, кейін Алматыға да бердік. Басқа өңірлерге де біртіндеп енгіземіз. Бәрі бір уақытта болмауы үшін осылай жасап отырмыз. Жалпы, қазіргі жағдайда осылай қалдырсақ, инфляцияға әсері 0,3%-дан аспайды, – деді Серік Жұманғарин.

Осылайша газдың көтерме бағасын да өсіру жоспарланған. Себебі қазір расталған газ қоры бойынша жағдайымыз аса жақсы емес екен. Мұндай көтерме бағалар кезінде жекеменшік компаниялар тиімсіз болғандықтан газ өндіруге қызықпайды.

– Энергетикалық кеңестің шешімі бар. Шілде айында, нақтырақ айтқанда 1 шілдеден бастап, газ бағасын 33% көтеріміз керек. Бұл инфляция деңгейін шамамен 0,16% арттырады. Яғни, айтарлықтай үлкен әсер етпейді, – деді ол.

Тарифтер кезең-кезеңімен өсіріледі. Газдың көтерме бағасын өсіру саланың инвестициялық тартымдылығын арттырады газ өндіруді ынталандырады. Өйткені баға инвесторлар үшін нағыз ынталандыру тетігі.

– Баға – инвесторларды тартатын маңызды шарттардың бірі. Сондықтан бұл салаға инвестиция тарту үшін газдың көтерме бағасын тағы да өсіруге мәжбүр боламыз. Өйтпесе газ басқа себептермен қымбаттайды. Өйткені оны импорттауға тура келеді. Ал бізге газ экспорттайтын елдер бізді аяп отырмайды, – деп атап өтті министр.

Думан КЕЦШЛІК



## ГАЗ БАҒАСЫ ӨСЕ МЕ?

қоймасы арқылы 15 оператор сұйытылған газды сатумен айналысады. Осы жылдың 23 сәуірінде «Қызылорда Газ» мекемесі алғашқы болып газ бағасын көтерген. Содан соң өзге операторлар да біртіндеп қоса бастады, – деді аймақ басшысы.

Біз де қаладағы автокөлікке газ сататын жанармай бекеттерін араладық. Орталықтағы «Олжас» жанармай құю бекетінде газ 97 теңгеден саудаланып жатыр екен. Жанармай қызметкерінің айтуынша, қалада газ бағасы өскен уақытта бұл бекет бағаны өзгертпеген. Жанармай бекетінің

бағаны қайта тұрақтандыру жұмыстары жүріп жатқанын байқаған. Газ бағасын өсірді деген «Қызылорда газ» жанармай құю бекетіне де бас сұқтық. Жанармай құюшы Жандос та газ бағасы сәл қымбаттағанын растады. Қазіргі уақытта «Қызылорда газ» сұйық отынды 98 теңгеден сатып отыр.

Облыс әкімдігі жүргізген жұмыстардың нәтижесінде операторлар бағаны бірте-бірте бұрынғы деңгейге түсіруде. Сондай-ақ аймақ басшысы қала және аудан әкімдіктеріне операторлардың газ қорына тұрақты мониторинг жүргізуді, тапшылыққа жол бермеу үшін газ бағасын зерделеуді міндеттеді.

Басы 1-бетте



## ҚҰРБАН-АЙТ ҰЛТТЫҚ НАҚЫШТА ТОЙЛАНАДЫ

Шариғат үкімі мен ғылыми зерттеу жұмысының қорытындысына сәйкес, һижри жыл санауы бойынша 1447 жылдың зұлхиджа айы 18 мамырда басталады. Арапа күні 26 мамырға сәйкес келеді. Ал 27 мамыр – Құрбан айт мерекесінің бірінші күні.

– Алла Тағаланың ұлы рақымымен күллі мұсылман жұрты үшін қасиетті саналатын Құрбан айт мерекесі таяп қалды. Бұл – Ибраһим (ғ.с.) пайғамбардың өнегесімен бізге жеткен, шүкірлік пен тақуалықтың, бауырмалдық пен жанашырлықтың жарқын көрінісіне айналған ұлық мейрам. Құрбан айт – тек құрбан шалумен шектелмейтін, мұсылман қауымды ынтымақ пен бірлікке, имандылық пен сабырға үндейтін қасиетті уақыт. Бұл күндері мейірімдімізде айт намазы оқылып, Алланың разылығы үшін құрбандық шалынады. Ең бастысы – мұқтаж жандарға көмек қолын созып, мейірім мен қайырымдылықты арттыруымыз қажет. Жоспар бойынша аймақтағы барлық мешітке Құрбан айт күні таңғы 06:00де айт намазы оқылып, арнайы уағыз-насихаттар жүргізіледі. Мейрам күндері мүмкіндікке қарай қайырымдылық шаралары, дін мен дәстүр сабақтасқан рухани-мәдени шаралар, ұлттық ойындардан сайыстар өткізіліп, балаларға айт сыйы таратылады. Құрбан шалу рәсімдері санитарлық талаптарға сай ұйымдастырылып, арнайы белгіленген орындарда шариги тәртіппен

өтеді. Сондай-ақ <https://qurban.muftay.kz/> онлайн платформасы арқылы да құрбан шалуға мүмкіндік қарастырылған. Құрбан еттері мешіт еріктілерінің көмегімен мұқтаж отбасыларға жеткізіледі. Сонымен қатар құрбан шалу рәсімін өз үйінде өткізіп, құрбан етінің бір бөлігін мұқтаждарға тарату мақсатында мешіттерімізге әкелем деуші жандарға облыс бойынша арнайы ет қабылдау пунктері бекітілді. Құрбан шалу құрбан айт намазынан кейін басталып, айттың үшінші күні күн батқанға дейін жалғасады. Құрбан шалу – шамасы жеткен мұсылманға уәжіп амал. Бүгінде «жағдайы бар адам» деп өз қажетінен бөлек ең кемі 85 грамм алтыңға тең келетін байлыққа ие кісіге айтылады. Құрбан шалу – ниеттің тазалығы мен ықыластың дәлелі. Құрбандық еті үшке бөлініп, бір бөлігі отбасына, бір бөлігі туыстар мен көршілерге, ал үшінші бөлігі мұқтаж жандарға беріледі, – деді Дастан Жанасұлы.

Айт мерекесінде санитарлық талапты сақтау мақсатында құрбандыққа шалатын малды соғуға арналған арнайы орындар әзірленген. Қаламыздағы Белкөл кентінде мал соғуға арналған «Жо Э» қасапханасы қызмет көрсететін болады. Сондықтан да осы талапты сақтаған жөн. Құрбандыққа шалынған малдың етін уақытында тарату мақсатында тиісті еріктілер тобы жасакталған.

Басы 1-бетте

Айтқолын АЙТЖАНОВА

# МЕКТЕП БІТІРУ КЕШІ: ҚУАНЫШ ҚЫМБАТҚА ТҮСПЕСІН

## ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІ ЕСКЕРТТІ

Оқу жылының аяқталуына орай 25 мамыр күні барлық мектептерде «Білім – Отаным!» тақырыбында бірінші сынып сағаты өткізіледі. Сынып сағаттарында оқу жылы қорытындылап, оқушылардың жетістіктері мен жарқын сәттері еске алынады. Сондай-ақ оқушыларға жазғы каникул кезінде оқуға ұсынылатын әдебиеттер мен көруге ұсынылатын фильмдер тізімі таныстырылады.

– Аймақта биылғы оқу жылын 320 мектептің 1–11 сыныптарында білім алатын 189288 оқушы аяқтауда. Оның ішінде 11-сыныпты 10317 түлек бітіреді. Басқарма тарапынан арнайы бұйрық қабылданып, барлық білім беру ұйымдарының басшыларына мектеп бітіруші түлектердің ата-аналарымен түсіндіру жұмыстары жүргізілді. Онда сән-салтанатқа негізсіз қаржы жұмсаудың орынсыздығы айтылып, қарапайымдылық қағидатын сақтау қажеттігі ескертілді. Сондай-ақ мерекелік дастархан ұйымдастыруға, жалдамалы автокөліктермен қала ішінде немесе қала сыртында серуендер мен экскурсиялар өткізуге, емтихан кезінде дастархан жаюға, сынып жетекшілеріне сыйлық жинау сияқты әрекеттерге жол бермеу қатаң тапсырылды. Оқу жылының аяқталуына байланысты ұйымдастырылатын барлық іс-шаралар басқарманың тұрақты бақылауында болады, – деді облыстық білім басқармасы басшысының орынбасары Асхат Қанатұлы.

## ТҮЛЕКТЕР ҚАУІПСІЗДІГІ БАСТЫ НАЗАРДА

Мектеп бітіру мерекесіне орай оқушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету және құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында облыс көлемінде арнайы шаралар қолға алынады. 25 мамырда мектеп бітірушілерге арналған «Соңғы қоңырау» мерекелік іс-шарасы кезінде қоғамдық тәртіпті сақтау мен төтенше жағдайлардың алдын алу мақсатында полиция қызметкерлері күшейтілген режимде жұмыс жүргізеді. Облыс бойынша қоғамдық тәртіп пен жол қауіпсіздігін қамтамасыз етуге 492 қызметкер мен 111 қызметтік автокөлік жұмылдырылмақ.

– Облыс орталығының өзінде қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында 216 полиция қызметкері мен 45 қызметтік автокөлік қызмет атқарады. Бұдан бөлек, мерекелік іс-шаралардан тыс уақытта да қаладағы қоғамдық орындар мен

Басы 1-бетте



«Аптталықтың» қолдағы

Аймақта биылғы оқу жылын 320 мектептің 1–11 сыныптарында білім алатын 189288 оқушы аяқтауда. Оның ішінде 11-сыныпты 10317 түлек бітіреді. Басқарма тарапынан арнайы бұйрық қабылданып, барлық білім беру ұйымдарының басшыларына мектеп бітіруші түлектердің ата-аналарымен түсіндіру жұмыстары жүргізілді. Онда сән-салтанатқа негізсіз қаржы жұмсаудың орынсыздығы айтылып, қарапайымдылық қағидатын сақтау қажеттігі ескертілді. Сондай-ақ мерекелік дастархан ұйымдастыруға, жалдамалы автокөліктермен қала ішінде немесе қала сыртында серуендер мен экскурсиялар өткізуге, емтихан кезінде дастархан жаюға, сынып жетекшілеріне сыйлық жинау сияқты әрекеттерге жол бермеу қатаң тапсырылды. Оқу жылының аяқталуына байланысты ұйымдастырылатын барлық іс-шаралар басқарманың тұрақты бақылауында болады

көшелерде тәулік бойы қосымша тәртіп сақшылары кезекшілік етеді. Соңғы жылдары мектеп бітіру кештерінде орын алатын кейбір жауапсыз әрекеттер қоғам назарын аударып келеді. Әсіресе автокөлікпен қортеж ұйымдастыру, жол қозғалысы ережелерін бұзу, көлік терезесінен шығу, қоғамдық орындарда тыныштықты бұзу сынды жағдайлар адам өмірі мен қауіпсіздігіне тікелей қауіп төндіреді. Өкінішке қарай, мұндай әрекеттер мерекелік сәтті қайғылы жағдайға

айналдыруы мүмкін. Осыған байланысты полиция қызметкерлері білім беру ұйымдары маңында және қоғамдық орындарда профилактикалық жұмыстарды

күшейтеді. Құқық қорғау органдары ата-аналар мен түлектерді заң талаптарын сақтауға шақырады. Құқық бұзушылық анықталған жағдайда заңнамаға сәйкес әкімшілік шаралар қабылданатынын ескертеміз, – деді ПД қоғамдық қауіпсіздік басқармасы басшының орынбасары Рауан Алдешов.

Қоғамдық тәртіп пен қауіпсіздікті сақтау – тек полицияның ғана емес, әр азаматтың ортақ міндеті. Әсіресе, ата-аналардың жауапкершілігі маңызды. Балалардың қауіпсіздігіне бейжай қарамай, олардың мерекені мәдениетті әрі қауіпсіз өткізуге бағыт-бағдар беру – басты міндеттердің бірі.

Соңғы қоңырау – өмірдің жаңа белесіне бастар қадам. Сондықтан бұл күн әр түлек үшін қуанышты, жарқын әрі қауіпсіз естелік болып қалуы тиіс. Әр түлектің өміріндегі ең маңызды мұра тек жақсы жағынан есте қалғаны дұрыс.

Айтқалың БАТЫРБАЙҚЫЗЫ

**Қоғамдық тәртіп пен қауіпсіздікті сақтау – тек полицияның ғана емес, әр азаматтың ортақ міндеті. Әсіресе, ата-аналардың жауапкершілігі маңызды. Балалардың қауіпсіздігіне бейжай қарамай, олардың мерекені мәдениетті әрі қауіпсіз өткізуге бағыт-бағдар беру – басты міндеттердің бірі.**

## ҚОҒАМДАҒЫ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ ЖҮЙЕСІНІҢ МАҢЫЗЫ

Халыққа сапалы қызмет көрсету – кез келген мемлекеттің дамуы мен өркендеуінің басты көрсеткіштерінің бірі. Азаматтардың күнделікті өмірінде қажетті қызметтерді қолжетімді, ашық әрі сапалы түрде ұсыну қоғамдағы тұрақтылық пен халықтың мемлекетке деген сенімін арттырады. Сондықтан бүгінгі таңда қызмет көрсету саласын жетілдіру – маңызды бағыттардың біріне айналып отыр.

Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер – азаматтар мен заңды тұлғалардың құқықтарын жүзеге асыруға, қажетті құжаттар мен игіліктерге қол жеткізуіне мүмкіндік беретін маңызды жүйе. Бұл қызметтердің сапалы ұйымдастырылуы тұрғындардың уақытын үнемдеп қана қоймай, олардың тұрмыс сапасының артуына да оң әсер етеді.

Қызмет көрсету саласындағы басты қағидаттар – халыққа тең қолжетімділік жасау, ашықтық пен жариялылықты сақтау, қызмет сапасын арттыру, тиімділік пен қолайлылықты қамтамасыз ету. Сонымен қатар көрсетілетін қызметтерді заман талабына сай үнемі жетілдіріп отыру да аса маңызды. Осы бағытта Қызылорда қаласының «Талсуат ауылдық округі әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесі ауыл тұрғындарына бірқатар мемлекеттік қызмет түрлерін көрсетіп келеді. Атап айтқанда:

- жер учаскесінің нысаналы мақсатын өзгертуге шешім беру;
- сауда-саттықты талап ететін мемлекет меншігіндегі жер учаскелеріне құқықтарды алу;
- жер учаскесін алу үшін кезекке қою;
- кент және ауыл аумағынан жер учаскесін беру;
- жер учаскесін жеке меншікке ақысын толық немесе бөліп төлеу арқылы рәсімдеу қызметтері жүзеге асырылады.

Қызмет алушыларға қолайлы жағдай жасау мақсатында мекеме ғимаратында арнайы ақпараттық бұрыштар мен түсіндірме стендтері орналастырылған. Сонымен қатар азаматтарға бағыт-бағдар беретін жауапты мамандар бекітіліп, қажетті кеңестер тұрақты түрде ұсынылады.

Мемлекеттік қызметтер бойынша толық ақпарат пен кеңесті 1414 Бірыңғай байланыс орталығы арқылы алуға болады.

**Мекенжай:** Қызылорда қаласы, Талсуат ауылы, Абай Құнанбаев көшесі №25

**Сенім телефоны:** 21-71-07

Қорытындылай келе, халыққа сапалы әрі қолжетімді қызмет көрсету – тұрғындардың әл-ауқатын арттырып қана қоймай, қоғамның тұрақты дамуына және елдің өркендеуіне негіз болады.

ЖОБА

Қызылорда қаласы әкімдігінің

2026 жылғы «\_\_» \_\_\_\_\_ №\_\_ қаулысына қосымша

### Қызылорда қаласы әкімдігінің кейбір қаулыларының күшін жою туралы

«Құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасының Заңының 27-бабының 1-тармағына сәйкес Қызылорда қаласының әкімдігі

#### ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

- Осы қаулының қосымшаға сәйкес Қызылорда қаласы әкімдігінің кейбір қаулыларының күшін жойылды деп танылсын.
- Қызылорда қаласы әкімдігінің «Қызылорда қаласының экономика және қаржы бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:
  - осы қаулының Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;
  - осы қаулы ресми жарияланғаннан кейін оның Қызылорда қаласы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.
- Осы қаулының орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қызылорда қаласы әкімінің орынбасарына жүктелсін.
- Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен қолданысқа енгізіледі.

Қызылорда қаласының әкімі **НАХАТОВ**

### Қызылорда қаласы әкімдігінің күші жойылған қаулыларының тізбесі

- Қызылорда қаласы әкімдігінің 2019 жылғы 4 қаңтардағы №12471 «Қалалық коммуналдық мемлекеттік кәсіпорындардың таза кірісінің бір бөлігін аудару нормативін белгілеу туралы» қаулысы (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізімінде №6645 болып тіркелген, Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде 2019 жылғы 17 қаңтарында жарияланған);
- Қызылорда қаласы әкімдігінің 2019 жылғы 7 ақпандағы №12609 «Қалалық коммуналдық мемлекеттік кәсіпорындардың иелігінде қалған таза кірістің бір бөлігін бөлу нормативін белгілеу туралы» қаулысы (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізімінде №6675 болып тіркелген, Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде 2019 жылғы 20 ақпанында жарияланған);
- Қызылорда қаласы әкімдігінің 2025 жылғы 29 қыркүйектегі №2771 «Қызылорда қаласы әкімдігінің 2019 жылғы 4 қаңтардағы №12471 «Қалалық коммуналдық мемлекеттік кәсіпорындардың таза кірісінің бір бөлігін аудару нормативін белгілеу туралы» қаулысына өзгеріс енгізу туралы» қаулысы (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізімінде №215542 болып тіркелген, Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде 2025 жылғы 14 қазанында жарияланған);
- Қызылорда қаласы әкімдігінің 2025 жылғы 29 қыркүйектегі №2772 «Қызылорда қаласы әкімдігінің 2019 жылғы 7 ақпандағы №12609 «Қалалық коммуналдық мемлекеттік кәсіпорындардың иелігінде қалған таза кірістің бір бөлігін бөлу нормативін белгілеу туралы» қаулысына өзгеріс енгізу туралы» қаулысы (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізімінде №215572 болып тіркелген, Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде 2025 жылғы 15 қазанында жарияланған).



ОТАН - ОТБАСЫНАН БАСТАЛАДЫ!

## «МЕРЕЙЛІ ОТБАСЫ – 2026» ҰЛТТЫҚ БАЙҚАУЫНЫҢ ҚАЛАЛЫҚ ЖӘНЕ АУДАНЫҚ КЕЗЕҢДЕРІНЕ ҚҰЖАТ ҚАБЫЛДАУ БАСТАЛДЫ

Конкурсқа қатысуға еңбектегі, спорттағы, шығармашылық, зияткерлік, ғылыми жетістіктері жоғары отбасылар жіберіледі. Конкурсқа қатысуға қажетті құжаттар тізімі:

- ата-аналардың (қорғаншылардың, қамқоршылардың) жеке басын куәландыратын құжаттардың көшірмелері, балалардың туу туралы куәліктерінің көшірмелері;
- асырап алушы (қорғанышы) отбасылар үшін – жергілікті уәкілетті органның көмелетке толмаған балаға қорғанышылықты (қамқоршылықты) белгілеу туралы шешімінің үзінді көшірмесі;
- неке кино туралы куәліктің көшірмесі (бар болса);
- Ата-аналарының біреуі қайтыс болған жағдайда, қайтыс болу туралы куәліктің көшірмесі (бар болса);
- Балаларды тәрбиеленгені үшін алған көтермелеулердің, белгілі бір жетістіктері үшін алған көтермелеулердің бар екенін куәландыратын құжаттардың көшірмелері;
- балалардың, ата-аналардың (қорғаншылардың, қамқоршылардың) жұмыс (оқу) орнынан анықтамалар және мінзедемелер;
- ұсынымдар (әріптестерінің, көршілерінің, достарының);
- отбасы мүшелерінің еңбектегі, спорттағы, шығармашылық, зияткерлік, ғылыми жоғары жетістіктерін куәландыратын құжаттардың көшірмелері.

«Мерейлі отбасы – 2026» ұлттық конкурсының қалалық және аудандық кезеңдеріне қатысуға ниет білдірген тұлғалар 2026 жылғы 15 мамырдан – 15 маусымға дейін Қызылорда қаласы және аудан әкімдіктерінің қоғамдық даму бөлімдеріне өтінім береді.

Ескерту: қызметі Қазақстан Республикасының аумағында тыйым салынған ұйымдардың құрамына кіретін (кірген) мүшелері бар, бұрын сотталған мүшелері бар отбасылар конкурсқа қатыса алмайды.

## ХАБАРЛАНДЫРУ

ҚР Ұлттық экономика министрлігі табиғи монополияларды реттеу комитетінің Қызылорда облысы бойынша департаментімен 2026 жылғы 18 мамыр айының №22-НҚ бұйрығымен ҚР ҰЭМ Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Қызылорда облысы бойынша департаментінің 2025 жылғы 14 ақпандағы №4-НҚ бұйрығына енгізілген өзгерістерге сәйкес ШЖҚ «Қызылорда су жүйесі» МКК-ның суды таратушы желілер арқылы беру және сарқынды суды бұру және тазарту қызметтері бойынша, 2026 жылдың 25 мамыр айынан бастап 2027 жылдың 30 сәуір айына дейінгі кезеңге енгізілетін жаңа тарифтер:

№ п/п	Қызмет/тұтынушы атаулары	Өлшем бірлігі	КҚС-сыз тарифі	КҚС-мен тарифі (16%)
1	2	3	4	5
I	Суды таратушы желілер арқылы беру қызметі			
	Орташа тариф	тенге/м3	119,02	138,06
	Халыққа	тенге/м3	69,42	80,53
II	Жылу энергетика саласындағы кәсіпорындарға	тенге/м3	69,42	80,53
	Бюджеттік мекемелерге	тенге/м3	295,31	342,56
	Тұтынушылардың басқа топтарына	тенге/м3	295,31	342,56
II	Сарқынды суды бұру және тазарту қызметі			
	Орташа тариф	тенге/м3	169,79	196,96
	Халыққа	тенге/м3	67,39	78,17
	Жылу энергетика саласындағы кәсіпорындарға	тенге/м3	124,72	144,68
	Бюджеттік мекемелерге	тенге/м3	322,45	374,04
	Тұтынушылардың басқа топтарына	тенге/м3	322,45	374,04

Ескертпе: Халыққа, Жылу энергетика саласындағы кәсіпорындарға тариф өзгеріссіз.

«Қызылорда су жүйесі» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорының суды таратушы желілер арқылы беру, сарқынды суды бұру және тазарту қызметтеріне салқын суды есептеу құралдары жоқ тұтынушылар үшін төлемақы 2026 жылдың 25 мамыр айынан бастап 2027 жылдың 30 сәуір айына дейінгі кезеңге енгізілетін жаңа тарифтер:

№ п/п	Тұтыну сипаты	Өлшем бірлігі	Тариф тенге КҚС-сыз	Бекітілген тұтынушылар	Төлем ақы мөлшері айына тенге КҚС-мен (16%)	Төлем ақы мөлшері айына тенге КҚС-мен (16%)
<b>Суды таратушы желілер арқылы беру қызметі</b>						
I	Көшелдегі су тарату колонкаларынан суды алу	1 тұрғынға/тәулігіне	69,42	40л/тәулік	83,30	96,63
	Су құбыры бар, бірақ, кәріз бар, ванналары жоқ тұрғын үйлер	1 тұрғынға/тәулігіне	69,42	100л/тәулік	211,04	244,81
	Су құбыры және кәріз бар, ванналары жоқ тұрғын үйлер	1 тұрғынға/тәулігіне	69,42	120л/тәулік	253,38	293,92
	Орталықтандырылған су және кәріз жүйесімен, ванна және душпен жабдықталған тұрғын үйлер (қомабабты құрылыстар)	1 тұрғынға/тәулігіне	69,42	200л/тәулік	422,28	489,84
	Орталықтандырылған су және астық сүмен және кәріз жүйесімен бірге, ваннамен және душпен жабдықталған тұрғын үйлер (қомабабты құрылыстар)	1 тұрғынға/тәулігіне	69,42	260л/тәулік	548,97	636,81
	Сарқынды суды бұру және тазарту қызметі					
II	Су құбыры және кәріз бар, ванналары жоқ тұрғын үйлер	1 тұрғынға/тәулігіне	67,39	120л/тәулік	245,97	285,33
	Орталықтандырылған су және кәріз жүйесімен, ванна және душпен жабдықталған тұрғын үйлер (қомабабты құрылыстар)	1 тұрғынға/тәулігіне	67,39	200л/тәулік	409,93	475,52
	Орталықтандырылған су және астық сүмен және кәріз жүйесімен бірге, ваннамен және душпен жабдықталған тұрғын үйлер (қомабабты құрылыстар)	1 тұрғынға/тәулігіне	67,39	260л/тәулік	532,92	618,19



### КӘСІПкерлік ҚАНАТ ЖАЙҒАН КЕНТ

Шынында, кентте кәсіпкерлік жедел дамуда. Тасбөгет тұрғыны Алтынбек Жағыпаров өз қаржысына үйінің ауласынан пластик бұйымдарын шығаратын шағын цех ашқан. Быыл жеке кәсіпкер мемлекеттік «Ауыл аманаты» бағдарламасымен 2,5% пайызбен соңғы үлгідегі автоматтандырылған технологиялық жабдықты алу арқылы пластик бұйымын шығару және оларды өндіру жобасына 9 млн теңге қаржы алған.

– Бұл кәсіппен 10 жылдан бері айналысамын. Өз қаражатыммен бастап, пайдасын көре бастадым. Кәсіпті кеңейтуді көздеп, биыл мемлекеттік бағдарламаға қатысып, жеңілдікпен несие алдым. Пластик терезені кесетін кейбір құрылғыларым колмен кесуге арналған еді. Цехты толықтай автоматтандырмақпын. Заманауи құрылғылармен жылдам, сапалы қызмет көрсетуге мүмкіндік болады. Бүгінде тасбөгеттік 3 адамды жұмыспен қамтып отырмын. Әзірге тапсырысты жеке серіктестер арқылы аламын. Алдағы уақытта мемлекеттік сатып алу порталымен де тапсырыс алу мүмкіндігі берілсе, жұмысымыз алға басады деп ойлаймын, – дейді жеке кәсіп иесі.

«BotaTattileg» атауымен ашылған кондитерлік өнімдер цехы тек тасбөгеттіктерді ғана емес, алыс аудан халқы да ғажайып дәмді тортыммен, тәтті печенье, тоқаш, самса, кекстерімен таң қалдыруда. Жеке кәсіпкер Ботагөз Төлегенова Өңірлік инвестиция орталығы және екінші деңгейлі банк арқылы субсидиялау бағдарламасымен кондитер өнімдерін өндіруге арналған цех ашу және оған қажетті құрал-жабдықты алу жобасымен 33 млн теңге қаржы алған. Тасбөгет кенті, Жанқожа батыр көшесінен 2022 жылы ашылған цех бүгінде төрт пен печеньеңің алуан түрін, тәтті тоқаштар, бәліштер, самса, кекстер және басқа көптеген кондитерлік өнім ұсынып келеді.

– Өзім тәтті торттарды 2018 жылдан үйде пісіріп бастадым. 2019 жылы Өңірлік инвестиция орталығы арқылы несие алдым. 3 жылдай жалдамалы үйде тұрдым. Содан кейін өз қаржыма цех ашуға ыңғайлап үй тұрғыздым. Отбасылық бизнес десек те болады. Себебі атам, күйеуім бәрі көмектеседі. 15 адамды жұмыспен қамтып отырмын. Шыққан өнімдері көп сақталмай тез өтіп кетеді. Мейрамхана, асхана, дәмханалар тапсырыс береді. Дүкен сөрелеріне де қойылады. Өзіміздің тұрақты тұтынушыларымыз бар. Пештен жаңа шыққан кондитер өнімдері қай кезде де сұранысқа ие. Бастаған кәсібіміз мемлекеттік бағдарлама игілігімен өркендеп келеді. Ендігі жоспарым цехты үлкейту. Ғимарат тарлық етіп тұр. Алла сәтін салса, мемлекеттік қамқорлығымен қажетті өтеледі деп ойлаймын, – дейді Б. Төлегенова.

### ТАРИХЫ ТЕРЕҢ ӨНЕР ОРДАСЫ

Қазақтың сахна саидағы Сәбира Майқанованың есімімен ұлықталған мәдениет үйі халыққа мәдени – тынығу қызметін көрсетуде тың серпін, шығармашылық ізденіспен жұмыс істеп келеді.

– Жергілікті өнерпаздарды елге таныту, өнеріне қолдау білдіру біздің басты мақсатымыз. Әрбір ұйымдастырған шарамызға көрерменнің ықыласы ерекше. Жыл бойы жоспарға сай ауқымды кең,

маңыздылығы зор мәдени, әдеби кездесу кешін, түрлі үлгідегі рухани шараларды өткізіп келеміз. Мәдениет үйі жанында 9 үйірме жұмыс істейді, оларға жалпы 159 өнерпаз қамтылған. Оның ішінде көмектеге толмаған жасөспірімдер қатысатын «Дарын» ән, «Шаттық-І», «Шаттық-ІІ» би, «Тәлім» жыр-терме, «Шабыт» көркемөз, «Сарын» қылық-быз, «Балбырауын» домбыра үйірмелері бар, – дейді С.Майқанова атындағы мәдениет үйінің директоры Толқын Жаңахметова.

### «АРМАН» ИНКЛЮЗИВТІ ТЕАТР ҮЙІРМЕСІ

«С.Майқанова атындағы мәдениет үйі» КМҚК жанынан мәдени-көпшілік жұмысты ұйымдастыру бөлімі ашылып, мүгедектігі бар жандардың театр өнеріне қызығушылығын арттырып, шығармашылығына қолдау көрсетіліп, олардың өнерін халыққа насихаттауға мүмкіндік беріліп, «Арман» инклюзивті театры ашылды. Бұл әлеуметтік оналтудың жаңа бағыты.

– Биылғы жылы инклюзивті театр ұжымының Қалтай Мұхамеджанов шығармасы негізіндегі «Осылай да кездесу болады» атты сатиралық қойылымы Талсуат, Қараөзек ауылдық округінің мәдениет үйінде өтті. Мұнан бөлек, үйірме әркістері Т.Телеубаевтың «Менің сүйікті блогерім» атты интермедияны сахналады, – дейді мәдениет үйі директоры.

Өнерпаздар әр мерекеге арналған концертке белсенді қатысып, өз өнерлерін көпшілікке паш етіп келе жатқанының өзі үлкен жетістік. Инклюзивті театр ұжымы сахнадағы Сұлтанәлі Балғабаевтың «Ең әдемі келіншек» атты драмалық спектаклін жуырда Қызылорда қаласы мен Тасбөгет кентіндегі С.Майқанова атындағы мәдениет үйінде қою жоспарлануда.

### «БАСТАҒЫНЫҢ» БАСТАМАСЫ КӨП

Отыз жылдық тарихы бар «Бастағның» аналар клубы аймақтағы мәдениеттің өркендеуіне еселі еңбектерімен үлес қосып келеді. Олар облыс көлемінде өткізілетін шараларға, байқауларға белсене қатысып, елдің алғысына бөленіп, құрмет төрінде жүр.

– 2025 жылы 12 маусым күні Алматы қаласында өткен қазақ радиосының танымал журналісі, жоба авторы Гүлмира Нәлібай мен «Мереке» продюсерлік орталығының ұйымдастыруымен өткен «Өнерлі елдің өресі бийі» атты XII республикалық 50 жас пен 90 жас аралығындағы талантты жандарға арналған өнер байқауына «Бастағның» әжелер ансамблі қатысып, «Хормен ән салу» жанры бойынша I орын, «Қолөнер» жанры бойынша Бисенкүл Алшынтаева бас жүлде, «Ән салу» жанры бойынша Үмітқұл Сералиева I орын иеленді. Жақында С.Майқанова атындағы мәдениет үйінің ұйымдастыруымен «Әжелер салған әндер-ай» шығармашылық кешін өткіздік, – дейді «Бастағның» әжелер ансамблінің жетекшісі Захира Ахетқызы.

### КІТАПХАНАНЫҢ БЕРЕРІ МОЛ

С.Майқанова атындағы мәдениет үйінің екінші қабатында қалалық орталықтандырылған кітапханалар жүйесіне қарасты №1 кітапхана орналасқан. Кітапхана Тасбөгет кенті тұрғындарына

кітапханалық-ақпараттық мәдени қызмет көрсетеді.

– Кітап қоры – 85270 дана, кітапхананың қызметіне жүгінетіндер – 25170, кітап берілімі – 51900-ды құрайды. Жаңа заман талабына сай интернет желісіне қосылған. 100-ден астам өлкелік әдебиеттер сандық жүйеге көшірілді. Кітапханаға жақын орналасқан М. Бқсанов атындағы Қызылорда техникалық ІТ жоғары колледжімен, «Сыр жұлдыздары» балалар мен жасөспірімдерге арналған шығармашылық-инновациялық академиясымен, Ө.Тыныбаев атындағы №11 мектеп-лицеймен, Н. Ергешбаев атындағы №172, №176, №257 орта мектептермен, Е. Әуелбеков атындағы дарынды балаларға арналған №4 облыстық мектеп-интернатымен, «Сыр бөбегі», «Күнекей» бөбекжай бақшаларымен, №4 қалалық емханамен шығармашылық байланыстымыз, – дейді аға кітапханашы Кенжеш Аманова.

Сонымен қатар кітапханада «Адал адам» мәдени-тәрбие орталығы тұжырымдасының «Әлем ВООК» оқырмандар клубы жұмыс істейді. Клуб қазақ ақын-жазушыларының мерейтойы мен жергілікті қаламгерлердің шығармаларын, «Бір ел – бір кітап» республикалық акциясын оқырмандарға кеңінен насихаттап, түрлі мерекелік, тарихи-танымдық, әдеби-жыр, әдеби-танымдық кешін, поэзия, өнерге, өнертану сағатын, оқырмандар конференциясын, кітап талдауын және кітап беташарын өткізуді дәстүрге айналдырған.

### КЕНТТЕГІ КӨРШІЛЕР ТАТУ

Тасбөгетте көпқабатты үйге қоныстанған көршілердің татулығына таң қалдық. Әсіресе Рахмет жырғау №5 үйдің тұрғындары «бір үйдің баласындай, бір қолдың саласындай» ынтымақтасып күн кешуде. Тұрғындардың ұйытқысы болып отырған 60-тан асқан зейнеткер кісі. Үйге қоныстанғаннан бастап көршілерді біріктіріп, ортақ жұмысқа жұмылдырумен келеді. Подъездін алдына тал егіп, есік алдындағы ауланың тап-тұйықтай жинақы болуын қадағалайды. Тіпті демалыс күндері бүкіл көршілерді сенбілікке шығарып, қызық тастамауын бақылайды. Аулаға дастархан жайып, самаурына шай қайнатып, көршілерді шайға шақырып, ортақ мәселелерді дастархан басында шешуді дәстүрге айналдырған.

– Шаңырағымыз ортақ. Подъездіміз бөлек болғанмен, мәселеміз бір ғой. Жасымынан бейнеткек болдым. 16 жасымынан трактор, машина айдап, ер азамат секілді еркін өстім. Қиындықты көп көрдім. Қаршадайымнан ауыр еңбекке араласқан соң жақсы мен жаманның қадірін білемін. Үйіміз өте сапалы салынған. Қыста жылы. Енді тек таза ұстау, айналасын қоғандандыру, кем-кетігін жөндеу өз қолымызда. Мұнда қоныстанғандардың көпшілігі жастар. Бақылау жасап, жөн-жобасын үлкендер айттып, жөн сілтеп отырмасак болмайды. Көшіп келгеннен бастап ұйымдастыру жұмысын өз қолыма алдым. Аллаға шүкір, мемлекет қамқорлық жасап баспана беріп жатыр. Сондықтан қадірін біліп, үйді күтіп ұстауымыз керек. Ортақ мүлікке жанашырлық керек, – дейді Күләнда апа.

Иә, Тасбөгетте тындырымды тірлік көп екенін байқайды. Бүгінде бұл кент қаламен қатар қарқынды дамып келеді. Қазіргі таңда жүргізіліп жатқан жұмыстар Тасбөгеттің жаңа тынысын ашатындай.

Ғауһар ҚОЖАХМЕТОВА

Суреттерді түсірген Нұрболат НҮРЖАУБАЙ



Меншік иесі:

**СЫР  
МЕДИА**

жауапкершілігі  
шектеулі серіктестігі

Бас директор  
Марат АРАЛБАЕВ

Қызылорда қалалық «Ақмешіт  
апталығы» газетінің редакциясы

Бас редактор  
Гүлмира ДІЛДӨБЕКОВА

Телефондар:

Бас директор - 40-11-10, 70-11-36 (факс)  
Бас редактор - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1009)  
Қабылдау бөлмесі - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1023)  
Бас редактордың орынбасары - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1022)  
Жауапты хатшы, бөлімдер - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1013, 1018, 1021)

Газеттің негізін қалаған Әділхан ӘЙІМЕН

Мекен-жайымыз: 120008, Қызылорда қаласы, Бейбарыс сұлтан көшесі, 4А, Т.Жүргенов атындағы шығармашылық үйі.

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде 2019 жылдың 16 сәуірінде қайта тіркелген. Тірлеу куәлігі №17657-Г.  
«Ақмешіт апталығы» қалалық газеті КР СТ ISO 9001-2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес КЗ. 4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған.  
Аптасына 2 рет, сейсенбі, сенбі күндері шығады.  
Жарияланған материалдардағы пікірлер редакция қозғарысымен сәйкес келе бермейтіндігі, деректер мен мәліметтердің нақтылығына автордың, хабарландыру иесінің жауапты екендігі ескертіледі. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.



Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел: 8(7242) 40-06-68  
Газеттің таралымы бойынша 70-14-08 телефонына хабарласуға болады.  
Қызылорда қаласы, Бейбарыс сұлтан көшесі 4 А.  
Таралымы 3858 Тапсырыс №860

Нөмірдің кезекші редакторы Айтқолжан АЙТЖАНОВА